

**Мутанова Динара Юлдашбаевнаның 6D010300 – Педагогика және  
психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін  
алу үшін жазылған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің  
коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбындағы  
диссертациясына ресми рецензенттің**

**ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және  
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылыми  
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі кездегі үдемелі дамып жатқан жаһандану үдерісі әлемдік бәсекелестікті күшайте түсуде. Сол себепті білім берудің ұлттық жүйесін реформалау жағдайларында, оның рөлі Қазақстаннның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу стратегиясымен анықталады. Мұндай көлемді міндеттерді шешу үшін шетелдегі білім беру саласында өтіп жатқан үрдістерді талдау, оларды отандық білім берудің даму бағыттарымен салыстыру қажет.

Жоғары білім беру жүйесі үшін жаңарту жоспары бүгінде өз қызметінің тиімділігін котеруге бағытталған және нақты жүзеге асырылатын қадамдардың бірі. Осы түрғыдан, жоғары оқу орындарында заман талаптарына сай болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің толыққанды білімін қалыптастыруға, коммуникативтік мәдениеті мен білімдік құзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасау қажеттігі күннен күнге артып отыр.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында «...жаһандық трендтер көрсетіп отырғандай, жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстан бірінші кезекте, Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін оның өзіндік сын-қатерлері мен мүмкіндіктерін ескере отырып кеңінен енгізуі тиіс» деп бірнеше міндеттерді атап өтті. Білім беру жүйесін дамытуға байланысты 7-ші «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты міндет аясында «білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді менгеру қабілетін дамыту болуға тиіс; педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады; Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін менгеруінде; жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық түрғыдан бекіту керек».

Білім беруді дамытудың басты мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тұжырымдалған, олар: «білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азаматтардың материалдық және рухани әл-ауқатын жақсарту үшін адами капиталды дамыту, баршаға сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен экономиканың тұрақты өсуі».

Жаңа мыңжылдықта қарқынды интеграциялық үдерістер жағдайында қазіргі әлемде көп өлшемді мәдениетаралық санаға ие, қазіргі заманғы өркениеттің жаһандық мәселелеріне өзіндік кәсіби тұлғалық көзқарасы қалыптасқан, мәдени кеңістіктің сан алуандығын сезінуге қабілетті кәсіби педагогикалық әлитаны қалыптастырумен байланысты мәселелер мен міндеттер кешені түр.

Осы орайда, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытуға қоғамның сұранысы мен олардың коммуникативтік мәдениетін дамытудағы жоғары білім мазмұнының теориялық-әдістемелік тұрғыда негізделмеуі арасында; болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне осы тұрғыда кәсіби білім берудің айқын қажеттілігі мен коммуникативтік мәдениетті дамытудың жүйелі негізделген біртұтас құрылымдық-мазмұндық моделінің, әдістемесінің жасалмауы арасында қарата-қайшылықтардың бар екендігі анық байқалады.

Олай болса, ізденуші Динара Юлдашбаевна Мутанованың қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбында жазылуы және зерттеу нәтижесінде жоғары оку орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытуға арналған нақты ұсыныстар әзірлеуі оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.

## **2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Диссертант зерттеу мәселесін шешу мақсатында алдына 4 зерттеу міндетін қойған және зерттеу барысында 4 міндеттің де шешімін тапқан, 4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың ғылыми-практикалық алғышарттары анықталған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі жасалған;
- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілғен.

Ізденушінің зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелерін, тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығын, оның теориялық тұрғыда негізделуін ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдалануымен, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы зерттеу жұмысына қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және шетелдік импакт-факторы бар журналдарда жариялануы ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесін көрсетеді.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасты) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші нәтиже, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытудың ғылыми-практикалық алғышарттары ретінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту мәселесінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерделену жайына байланысты ғылыми зерттеу бағыттары дәстүрлі-лингвистикалық, психолингвистикалық, лингвопрагматикалық, риторикалық тәсілдері арқылы іске асырылған. Бірінші нәтиже шінара жаңа, себебі ол әдебиетте қарастырылған пайымдауларға тікелей байланысты.

Екінші нәтиже, коммуникативтік мәдениеттің құраушылары ретіндегі коммуникативтік құзыреттілік, білім беру үдерісіне қатысушылармен тұлғааралық қарым-қатынастағы коммуникативтік толеранттылық, эмпатия, нәтижелі үйымдастырушылық-коммуникативтік іс-әрекетке бейімділік зерттеуге қажет теориялар мен әдіснамалық тұғырлардың әлеуетіне толық сәйкес нақтыланған. Екінше нәтиже де шінара жаңа, өйткені коммуникативтік мәдениеттің құраушылары ғылымда бар теориялар мен әдіснамалық тұғырлардың әлеуетіне сай нақтыланған.

Үшінші нәтиже, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеттің дамытуудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық компоненттерден турады. Коммуникативтік мәдениеттің қалыптасу өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған. Бұл нәтиже жаңа, себебі зерттеу пәні толыққынды қарастырылған.

Төртінші нәтиже де жаңа, себебі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеті дамыту әдістемесінің мазмұны тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, үйымдастырушылық шарттар негізінде жүзеге асырылған.

### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Зерттеу жұмысында нәтижелері көсіби білім беру үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады. Өйткені, мұнда бүгінгі қоғам талабына сай, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеттің дамыту арқылы жаһандық дәуірдегі қазіргі заманғы жағдайларына жылдам бейімделе алатын, білікті ағылшын тілі

мамандарын дайындаудың сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі екендігі зерделенген.

## **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтылығына растама.**

Диссертациялық жұмыстың қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қорытындылары және қағидалары КР БжФМ Білім және Гылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымда, Scopus базасына енген шет елдік нөлдік емес импакт - факторы бар ғылыми журналдар базасында, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған. Докторанттың үш жылдық оқу мерзімінде жалпы саны 24 ғылыми мақаласы жарияланған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының мақсатын жүзеге асыруда элективті курстың әдістемелік кешені өзірленуі, 2 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құралдың жарыққа шығуы ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

## **6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Динара Юлдашбаевна Мутанованың (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір техникалық кемшіліктер де кездеседі:

1. Докторант диссертацияда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамытуға қатысты лингводидактикалық зерттеулерге тереңірек талдау жасағанда, диссертацияның әдістемелік құндылығы толығырақ көрінетін еді.

2. Зерттеу жұмысы болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту мәселесіне арналғандықтан, шетелдік ғалымдардың коммуникативтік мәдениетке берген анықтамалары салыстырмалы түрде зерделенгенде жұмыстың сапасы артатын еді.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған енбектің құнын төмендетпейді.

## **7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Динара Юлдашбаевна Мутанованың диссертациялық жұмысының көкейкестілігінде, алынған нәтижелердің ғылымилығында күмән жок. Ізденушінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, зерттеу міндеттері шешімін тапқан, дәйекті еңбек ретінде бағалауға болады.

Ізденушінің 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім мен ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын және 6D010300 - педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
**педагогика ғылымдарының**  
**докторы, профессор**

Ш.Т. Таубаева

**РАСТАЙМЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
дағылау және аттестаттау басқармасының басшысы  
**ЗАВЕРЯЮ**  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова

« \_\_\_\_\_ » 20 \_\_\_\_\_ ж.л.